14. Кәсіптік-шығармашылық факультетінің атауы Өнер және білім факультеті болып өзгертілді.

1.3 ОҚМПУ басқарма төрағасы – ректордың өкімі негізінде ОҚМПУ СМЖ құжаттарын қайта қарау қажеттілігін көрсетті. Стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг бөлімі университеттің СМЖ құжаттамасына талдау жүргізді. Сондықтан сапа жөніндегі үйлестіру кеңесі жоспарларға сәйкес университеттің СМЖ құжаттарының жаңа нұскаларын әзірлеу туралы қаулы шығарды. Стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг бөлімі сапа менеджмент жүйесінің 6 жалпы жүйелік құжаттарын әзірледі.

Қайта әзірленген СМЖ ОҚМПУ ПР 4.01-2021 «Құжатталған ақпаратты басқару» процедурасына сәйкес ОҚМПУ ұйымдық құрылым бөлімдердің бөлім туралы ережелер және қызметтік нұсқаулар әзірленді, олардың міндеттер мен қызметтері ережелерінде нақты айқындалды.

ОҚМПУ басқарма төрағасы - ректордың бекітуімен университетте 36 бөлімнің құрылым ережесі және 157 қызметтік нұсқау жасалды.

ОҚМПУ сапа менеджмент жүйесін жақсарту үшін "СМЖ құжаттарын" университеттің ішкі порталында электрондық жүйесін әзірлеу қажет.

1.4 Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті 2021 жылғы 25-26 ақпан аралығында «Қазақстан сапа мекемесі» компаниясының ұйымдастыруымен «ISO 37001:2018 Халықаралық стандарты негізінде менеджмент жүйелеріндегі тәуекелдерді басқару» атты тақырыбында өтетін онлайн оқыту семинарына университеттің 12 профессор-оқытушылары мен қызметкерлері қатысып, сертификатқа ие болды.

1.5 Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті 2021 жылғы 10-11 наурыз аралығында «Қазақстан сапа мекемесі» компаниясының ұйымдастыруымен «ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйелері» атты тақырыбында өтетін онлайн оқыту семинарына университеттің 32 профессор-оқытушылары мен қызметкерлері қатысып, сертификатқа ие болды.

1.6 ОҚМПУ басқарма төрағасы – ректордың өкімі негізінде ОҚМУ СМЖ құжаттарын қайта қарау қажеттілігін көрсетті. Стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг бөлімі университеттің СМЖ құжаттамасына талдау жүргізді. Сондықтан сапа жөніндегі үйлестіру кеңесі жоспарларға сәйкес университеттің СМЖ құжаттарының жаңа нұскаларын әзірлеу туралы қаулы шығарды. Стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг бөлімі сапа менеджмент жүйесінің 6 жалпы жүйелік құжаттарын әзірледі.

Қайта әзірленген СМЖ ОҚМПУ ПР 4.01-2021 «Құжатталған ақпаратты басқару» процедурасына сәйкес ОҚМПУ ұйымдық құрылым бөлімдердің бөлім туралы ережелер және қызметтік нұсқаулар әзірленді, олардың міндеттер мен қызметтері ережелерінде нақты айқындалды.

ОҚМПУ басқарма төрағасы - ректордың № 4-04, 05.01.2021 ж. «Құрылымдық ереже мен қызметтік нұсқауларды бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген университеттің 36 бөлімі туралы құрылым ереже және 157 қызметтік нұсқау қайта жасалынды.

ОҚМПУ сапа менеджмент жүйесін жақсарту үшін "СМЖ құжаттарын" университеттің ішкі порталында электрондық жүйесін әзірлеу қажет.

СМЖ бастапқы принципін (PDCA циклы) негізге ала отырып ХС ИСО 9001:2015 7.5 бабына сәйкес 2020-2021 оқу жылына университеттің және оның барлық құрылымдық бөлімдерінде Сапа бойынша мақсаттар, Сапа бойынша мақсаттардың орындалу жоспарлары әзірленіп, мәжілістерінде қаралып бекітілді, 1 данасы СЖМжМ бөліміне өткізілді.

2020-2021 оқу жылының «Оңтүстік Қазақстан мелекеттік педагогикалық университетінің Сапа бойынша мақсаттары» құжаты университет ұжымына таратылып, университет Ғылыми кеңесінде, факультет кеңестерінде, кафедралар мен бөлімдер мәжілістерінде қаралып, қызметкерлер мен студенттерге таныстырылды (ҒК мәжілісінде қайта бекітілді № 1 хаттама, 01.09. 2020 ж.).

Факультеттер, кафедралар бойынша СМЖ жұмыстарына жауапты тұлғалар тағайындалып, факультет өкімдері арқылы бекітіліп, СМЖ жақсарту жұмыстары іске асырылды. Университетте әр құрылымдық бөлімі құжаттары идентификациялаудан және актуализациялаудан өткізіп, құрылымдық бөлім ережелері мен қызметтік нұсқауларына өзгерістер енгізілді.

1.7 Университеттің Академиялық саясаты мен Университет регламентіне өзгерістер енгізіліп, университеттің ҒК мәжілісінде қайта қаралып, бекітілді (№ 1 хаттама, 01.09. 2020 ж.), Университеттің сайтына ендірілді.

ОҚМПУ сапа саласындағы саясатының өзектілігі мен ХС ИСО 9001-2015 жаңа нұсқасының сәйкестігі мәніне талдау жүргізіліп, талдау нәтижелері бойынша шешім қабылданып, саясаттың жаңа нұсқасын әзірленді.

ОҚМПУ сапа саласындағы саясаты басқарма төрағасы - ректормен бекітіліп, Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілді (01.09.2020 ж. №1 хаттама).

9.2 Ішкі және сыртқы аудит қорытындысы бойынша атқарылған іс-шаралар туралы

Ішкі аудит Оқу және оқу-әдістемелік істер жөніндегі проректордың 01.04.2021ж №04 өкімі бойынша Ішкі аудиторлар құрамы бекітілді. **Ішкі аудиттің бағдарламасын** ОҚМПУ басқарма төрағасы-ректорымен бекітілді. ішкі аудит бағдарламасына сәйкес өткізілді.

Аудиттің мақсаты: жұмыс істеу нәтижелілігін бағалау және сапа менеджменті жүйесін жақсарту мүмкіндіктері мен жолдарын анықтау.

Аудит критерийлері: өмірлік циклдің барлық процестерін жоспарлау және орындау (Оқу, оқу-әдістемелік, тәрбиелік, ғылыми-зерттеу), процестердің сапасын бақылау, курстық жұмыстардың (жобалардың) сапасын тексеру, ОПК біліктілігін арттыру, студенттердің білімін бағалау және берешектерді жою, өндірістік практика және түлектерді жұмысқа орналастыру, оқу зертханалары, сабақтарды өткізу сапасын тексеру, тәрбие процесінің кураторлық сағаттары мен іс-шараларын өткізу сапасын тексеру.

05.04.2021жылы университетіміз төтенше жағдайға байланысты Бас ғимарат карантинге шығарылды. Ішкі аудиттің бағдарламасында жоспарланған **бас ғимараттағы 19 - бөлімдерге** (Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма: *Жобалық офис; Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімі; Педагогикалық білімді жетілдіру және қайта даярлау бөлімі, Жастар саясаты бөлімі, Қызметкерлермен жұмыс жөніндегі басқарма: Құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімі; Мәдениет бөлімі, Медиаорталық, Рухани жаңғыру және тәрбие бөлімі, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі, Ғылыми зерттеу жұмыстары мен студенттердің ҒЗЖ жөніндегі бөлім, «ОҚМПУ хабаршысы-Вестник ЮКГПУ» журналының редакциялық бөлімі, Кәсіптік бағдар және мансап орталығы, Кітапхана, Цифрландыру және оқу процесін ақпараттық сүйемелдеу бөлімі, Бағдарламалық және техникалық қызмет көрсету бөлімі, Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлімі, Заң қызметіне). **Сонымен қатар 2***

факультет, 6 кафедраға (Физика-математика факультеті: *Математика кафедрасы; Физика кафедрасы; Информатика кафедрасы*, Жаратылыстану факультеті: *Биология кафедрасы; Химия кафедрасы; География кафедрасына*) **ішкі аудит тексерулер жүргізілген жоқ.**

Ішкі аудиттің бағдарламасында жоспарланған келесі құрылымдық 10 - бөлімшелер («Үміт» білім алушыларға қызмет көрсету орталығы; Тест орталығы; Қоғамдық кәсіптер даярлау орталығы, Тіркеу бөлімі, Архив, Әкімшілік басқарма: Шаруашылық бөлімі, Мемлекеттік сатып алу бөлімі, Қауіпсіздік қызметі, Қашықтықтан, кешкі оқыту және дайындық орталығы), **сонымен қатар 4 факультет, 13 кафедра** (Филология кафедрасы: *Қазақ тілі мен әдебиет кафедрасы; Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы; Ағылшын тілі кафедрасы; Шетел тілдері кафедрасы*, Өнер және білім факультеті: *Музыкалық білім кафедрасы; Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері кафедрасы; Тарих және педагогика факультеті: Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасы; Мектепке дейінгі және арнайы педагогика кафедрасы; Педагогика кафедрасы; Психология кафедрасы; Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасы. Дене шынықтыру және спорт факультеті: Дене тәрбиесі мен бастапқы әскери кафедрасы; Дене шынықтыру кафедрасы*) ішкі аудиттен өтті.

Аудиторлық топтар тексерілген құрылымдық бөлімшелердің іс-номенклатурасына сәйкес ішкі аудит бойынша анықтамалар мен есептер дайындады. Ішкі аудит барысында 10 елеусіз сәйкессіздік анықталды.

Барлық бөлімшелер бойынша, ішкі аудиторлардың тексеру нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктердің актілері жасалды және түзету іс-шараларының жоспарлары әзірленді.

Университетте сыртқы аудит ХС ИСО 9001:2015 талаптарына сәйкестігін ескере отырып жүргізіледі.

Түзілген келісім-шарт негізінде 2021 жылдың сәуір айының 27-30 аралығында «Русский регистр» сертификаттауы Қауымдастығы бойынша сыртқы аудиторымен алдын-ала келісілген жоспарларға сәйкес сапа менеджмент жүйесін қайта сертификаттау университеттің әкімшілік және өндірістік құрылымдарында өткізілді. **Эксперт-аудитор Кабулов Ж.С.**

Тексеру жоспарларына сәйкес аудит 4 күн аралығында жүргізілді.

2020-2021 оқу жылғы сыртқы аудит барысында 3 мәнсіз сәйкессіздік (*Дене шынықтыру және спорт факультеті, Математика кафедрасы, Педагогика кафедрасы*) пен 2 бақылау (*Информатика және Дене шынықтыру кафедралары, Физика-математика факультеті және Дене шынықтыру және спорт факультетінде*) анықталды.

3 сәйкессіздіктер олар:

1) «Дене шынықтыру және спорт факультеті (факультет деканы - Турискулов Ө.) – тексеру барысында Дене шынықтыру және спорт факультетінің 2019-20 оқу жылына арналған 30.06.20 ж. күнімен көрсетілген есебі және 2020-21 оқу жылының 1-жарты жылдығына арналған 15.01.21ж. күнімен көрсетілген есебі ұсынылды, бұл факультет кенесінде қаралмаған және ЖОО басшылығымен бекітілмеген.

1. «Математика» кафедрасы (кафедра меңгерушісі - Кадирбаева Р.И.) – тексеру барысында 5В010900 «Математика» мамандығының 4 курс 109-16 т. бітіруші студенттерінің дипломдық жұмыстарын қорғау бойынша кафедра мәжілісінің 11.05.20 ж. № 1 хаттамасы ұсынылды. Осы хаттамада алдын ала қорғау нәтижелері бойынша (дипломдық жұмыстарды орындау дәрежесі) әрбір бітіруші студентке қатысты дипломдық жұмыстардың нақты кемшіліктері 50%-дан 95% - ға дейін келтірілген. Алайда дипломдық жұмыстарды қорғауға рұқсат беру туралы шешімдер қабылданған, бірақ кемшіліктерді жойғаннан кейін оларды бақылау үшін қайта ұсыну қажеттілігі көрсетілмеген.

2) «Педагогика» кафедрасы (кафедра меңгерушісі –Арзымбетова Ш.Ж.) – тексеру барысында 01.09.20ж күнімен белгіленген 1 семестрдің 1 курс үшін 6В01801 - "Әлеуметтік педагогика және өзін - өзі тану" мамандығы бойынша ООТ 1212 "Өзін-өзі тану" пәнінің оқу-әдістемелік кешені ұсынылды, құрамында:

- практикалық сабақтарды өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар және емтихан сұрақтары көрсетілмеген;
- студенттің өзіндік жұмысын орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар бекітілмеген (тек кафедра мәжілісінде қаралған);

- оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету картасы бойынша әзірлеуші/құрастырушы анықталмаған және оған қол қойылмаған.

2 бақылау:

1) «Информатика және Дене шынықтыру» кафедралары (кафедра меңгерушілер – Сулейменова Л.А., Битабаров Е.) – тексеру барысында «Информатика» кафедрасының 2020-2021 оқу жылының 2 - жартыжылдығына арналған және «Дене шынықтыру» кафедрасының 2020-2021 оқу жылының 1 және 2 - жартыжылдығына арналған ОПК ашық сабақтарын өткізу кестелері ұсынылды, онда оқу жылы, сабақ тақырыптары, жоспарланған ашық сабақтарды өткізу күндері, орны мен уақыты көрсетілмеген.

2. Физика-математика факультеті және Дене шынықтыру және спорт факультеті (факультет декандары – Ибашова А.Б., Турискулов Ө.) – тексеру барысында физика-математика факультетінің бакалавриат бойынша академиялық топтар құру туралы 28.08.20 ж. № 2А өкімі ұсынылды. Онда осы топтарға кіретін студенттер көрсетілмеген. Аудит барысында аталған өкім түзетілді және сәйкессіздік жойылды.

Сонымен қатар, Дене шынықтыру және спорт факультетінің деканаты бакалавриат бойынша академиялық топтар құру туралы өкім ұсынбады, алайда талап ете отырып 01.09.20ж. №3 өкіммен қайта қалпына келтірілді.

Барлық сәйкессіздіктер бойынша түзету іс-әрекеттері орындалып, растайтын материалдар стратегиялық жоспарлау, менеджмент және мониторинг бөліміне және «Русский регистр» сертификаттау бойынша Ассоциациясына өткізілді.

ОҚМПУ СМЖ-нің: тұтынушыға бейімделуі және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес ЖОО-ның жоғарғы кәсіби білімді мамандарды даярлау бойынша білім беру қызметін ұсынудағы қабілеттілігі, процестерді нақты басқару және реттік мониторинг жүргізу негізінде олардың тұрақты жақсаруы, өлшеу және процесс қызметтерінің нәтижелігін талдауы, сонымен қатар тұтынушының қанағаттанушылығын және барлық қызығушы тараптардың өнім/қызмет сапасын бағалауы, тұрақты білім беру және білім беру қызметін көрсетудегі сапасын арттыру мақсатында қызметкерлердің біліктілігін арттыру басым тараптары екендігін аудитор атап өтті.

«Русский регистр» сертификаттаушы Қауымдастығы жоспарларға сәйкес Университеттің сапа менеджмент жүйесін қайта сертификаттау бойынша ИСО 9001:2015 ХС сәйкес №21.0917.026 2024 жылдың 23 мамырына дейін жарамды сертификаттады.

9.3 Аккредитация

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі IAAR - рейтинг әдіснамасы Академиялық саралау мен үстемдік бойынша Халықаралық обсерваториясының (IREG/ Observatory on Academic Ranking and Excellence) аудитінен сәтті өткен және IREG Approved/ IREG Мақұлданды жоғары сапа белгісін алған Қазақстандағы алғашқы және әлемдегі бесінші ұйым. Бұл көрсеткіш IAAR жоғары оқу орындары рейтингінің әлемдік стандарттарға толығымен сәйкестігін және оқу орындарын жоғары білім сапасына жетелейді.

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарына сұраныстың ұлттық рейтингісіне (2021) – 85 тен аса көпсалалы, техникалық, гуманитарлық-экономикалық, медициналық және педагогикалық, сондай-ақ өнер бағытындағы жоғары оқу орындары қатысты.

“ҚР Жоғары оқу орындарына сұраныстың ұлттық рейтингі – 2021” рейтингісіне білім беру бағдарламаларының барлық бағыттары мен деңгейлері (бакалавриат, магистратура және докторантура) бойынша рейтинг жүргізілді.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің IAAR – “ҚР Жоғары оқу орындарына сұраныстың ұлттық рейтингі -2021” рейтингісіне ОҚМПУ-дан 61 білім беру бағдарламалары қатысты яғни, бакалавр бойынша – 33, магистратура бойынша – 18, докторантура бойынша – 10.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің IAAR - “ҚР Жоғары оқу орындарына сұраныстың ұлттық рейтингі – 2021” рейтингісінің 2020-2021 оқу жылындағы нәтижесінде **ОҚМПУ** Қазақстан Республикасы ЖОО-ның «ТОП-20» Бас рейтингі – 2021 - 9 орынға ие болды (2019-2020 оқу жылында 10 орын алған).

Бакалавриат білім беру бағдарламалары салалары бойынша ҚР ЖОО-ның институционалдық Рейтингі – 2021 - 3 орынға ие болды (2019-2020 оқу жылында 4 орын алған).

Докторантура білім беру бағдарламалары саласы бойынша ҚР ЖОО-ның институционалдық Рейтингі – 2021 - 8 орынға ие болды.

Мамандарды даярлау деңгейлері мен бағыттарына сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүлделі орындарға ие болған төмендегі білім беру бағдарламалары алғашқы үштіктен көрініп және сертификатқа ие болды:

Бакалавр бойынша:

1-орын	2-орын	3-орын
1. 6B01404 Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау	1. 6B01405 Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау	1. 6B01403 Музыка мұғалімін даярлау
2. 6B018 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану маманын даярлау	2. 6B011 Педагогика и психология	
	3. 6B01301 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау	

Магистратура бойынша:

1-орын	2-орын	3-орын
7M01403 Музыкалық білім педагогін даярлау	-	7M02101 Дизайн

Докторантура бойынша:

1-орын	2-орын	3-орын
-	1. 8D01406 Кәсіптік оқыту педагогін даярлау	1. 8D01502 Физика педагогін даярлау
	2. 8D01504 Химия педагогін даярлау	2. 8D01601 Тарих педагогін даярлау
	3. 8D01505 Биология педагогін даярлау	3. 8D01702 Орыс тілі мен әдебиеті педагогін даярлау
		4. 8D01503 Информатика педагогін даярлау

3.2 Аккредитация

ОҚМПУ 2020 жылдың 16-17 қараша күндері аралығында “Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі” мемлекеттік емес мекемесімен (БСҚТА) институционалды аккредиттеу аясында БСҚТА эксперттік тобымен сыртқы аудит жүргізілді. Институционалдық аккредиттеуден өткені туралы 5 жыл мерзімге жарамды ІА-А № 0120 халықаралық институционалдық аккредиттеу туралы куәлік (25.04.2020 ж.-24.04.2025 ж.) берілді.

2020 жылдың 18-20 қараша күндері аралығында “Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі” мемлекеттік емес мекемесімен (БСҚТА) мамандандырылған (23 білім беру бағдарламасы бойынша) аккредиттеу аясында БСҚТА эксперттік тобы сыртқы аудит жүргізілді. 23 білім беру бағдарламасы бойынша мамандандырылған аккредиттеу өткізілді:

1. 6B01101 – Педагогика және психология, 6B01201 – Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы, 6B01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау, 6B01406- Кәсіптік оқыту мұғалімін даярлау Білім беру бағдарламалары 5 жылға жарамды (25.04.2020 ж. -24.04.2025 ж.) SA-A № 0200/1 халықаралық аккредиттеу туралы куәлікке ие болды;

2. 6B01401 – Бастапқы әскери дайындық мұғалімін даярлау, 6B01402 – Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау, 6B01403 – Музыка мұғалімін даярлау, 6B01404- Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау Білім беру бағдарламалары 5 жылға жарамды (25.04.2020 ж. -24.04.2025 ж.) SA-A № 0200/2 халықаралық аккредиттеу туралы куәлікке ие болды;

3. 6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау, 6B01702 – Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау, 6B01704 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау, 6B01705-Орыс тілінде оқытпайтын мектептерде орыс тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау Білім беру бағдарламалары 5 жылға жарамды (25.04.2020 ж. - 24.04.2025 ж.) SA-A № 0200/3 халықаралық аккредиттеу туралы куәлікке ие болды;

4. 6B01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін – өзі тану, 6B01901 – Арнайы педагогика, 6B01601-Тарих мұғалімін даярлау, 6B01703-Шет тілі мұғалімін даярлау: екі шет тілі Білім

беру бағдарламалары 5 жылға жарамды (25.04.2020 ж. -24.04.2025 ж.) SA-A № 0200/4 халықаралық аккредиттеу туралы куәлікке ие болды;

5. 6B01501 – Математика мұғалімін даярлау, 6B01502 – Физика мұғалімін даярлау, 6B01503 – Информатика мұғалімін даярлау, 6B01504-Химия мұғалімін даярлау Білім беру бағдарламалары 5 жылға жарамды (25.04.2020 ж. -24.04.2025 ж.) SA-A № 0201/1 халықаралық аккредиттеу туралы куәлікке ие болды;
6. 6B01505 – Биология мұғалімін даярлау, 6B01506 – География мұғалімін даярлау, 6B01405-Құқық және экономика негіздері мұғалімін даярлау Білім беру бағдарламалары 5 жылға жарамды (25.04.2020 ж. -24.04.2025 ж.) SA-A № 0201/2 халықаралық аккредиттеу туралы куәлікке ие болды.

“Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі” мемлекеттік емес мекемесімен (БСҚТА) институционалды аккредиттеу және мамандандырылған (23 білім беру бағдарламасы бойынша) аккредиттеу шеңберінде өзін-өзі бағалау есебін даярлап, өткізілді.

9.4 Мониторинг

Университеттің білім беру үдерісінде сыртқы тұтынушылар, ПОҚ мен студенттердің ЖОО-да оқыту сапасына қанағаттануына бағалаулар жүргізілді. Жоспарланған социологиялық сауалнамалар төмендегідей тақырыптар бойынша жүзеге асырылды:

1. Оқытушы студент көзімен (I жартыжылдық)/ Univer компьютерлік бағдарламасы
2. Оқытушы студент көзімен (II жартыжылдық)/ Univer компьютерлік бағдарламасы
3. ЖОО-ның 3,4 курс студенттерінің Білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелерін бағалауы/ Univer компьютерлік бағдарламасы
4. Жұмыс берушілердің ОҚМПУ түлектерінің дайындық деңгейіне қанағаттануын бағалау/ тарату сауалнамасы
5. Жоғарғы оқу орнындағы студенттердің білім беру сапасына қанағаттану деңгейі
6. Студенттердің жемқорлыққа қарсы көзқарасы/Univer компьютерлік бағдарламасы
7. ARES Халықаралық рейтингінің негізгі көрсеткіштерін толтыру.
8. ҚР БҒМ, Қазақстан Студенттер альянсының онлайн сауалнамаларын ұйымдастыру.

Аталған сауалнамалар бойынша қорытынды төмендегідей:

2020-2021 оқу жылы барысында «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнамасы екі рет өткізіліп, зерттеу нәтижесі бойынша жалпы жауаптар саны 6278 респондент: I жартыжылдық - 4020 респондент қатысты ал, көктемгі семестр бойынша 1,2,3 курс студенттер қатысқан саны - 4380 (II жартыжылдық) респондент қатысты. Сауалнаманың негізгі сұрақтары қайта қаралды және жаңа нұсқасында «Универ» жүктелді. Сауалнама компьютер арқылы электронды түрде жүргізілді. Сауалнама 5-балдық бағалау шкаласымен анықталады. Студенттердің оқытушыларға берген нәтижесі қанағаттанарлық деңгейде.


Диаграмма 1 2021 оқу жылдың 1 және 2-ші жартыжылдығының қорытындысы бойынша факультеттер көрсеткіштерінің Рейтингісін салыстырмалы талдау

"Оқытушы студенттер көзімен" сауалнамасының салыстырмалы көрсеткіштері (1 және 2-ші жартыжылдығының қорытындысы)

Сауалнама сұрақтары	I жартыжылдық	II жартыжылдық
Жаңа білім алуға ықпал ететін оқу пәндері	4,74	4,75
Студенттердің оқу пәндерін меңгеруі	4,70	4,73
Кәсіби құзыреттілікке ие болуға ықпал ететін ПОҚ оқу пәндері	4,66	4,70
ОПҚ тұлғалық қасиеттері	4,73	4,72

ОПҚ оқу материалын баяндаудың қолжетімділігі, анықтығы және қисындылығы	4,70	4,72
ОПҚ интерактивті құралдар мен Интернет – технологияларды сабақта қолдануы	4,67	4,71
Студенттерді оқу материалын практикада қолдануға бағыттау	4,74	4,72
Студенттер қызығушылық танытқан оқу пәндері	4,71	4,73
Студенттердің білімін бағалау кезінде ашықтық және айқындық принциптерін сақтайтын ОПҚ	4,68	4,71
Студенттерді болашақ мамандықта оқу материалын пайдалануға бағыттайтын ОПҚ	4,66	4,72
Креативтілік, ОПҚ шығармашылық тәсілі	4,69	4,71
Ғылыми зерттеулер жүргізуде оқу материалын пайдалануға бағдарлау	4,68	4,71
ОПҚ пәндері бойынша алынған білім сапасын бағалау	4,69	4,72


Диаграмма 2 2021 жылдың 1 және 2 жарты жылдығы бойынша ЖОО ОПҚ кәсіби сапаларының салыстырмалы жалпы көрсеткіштері



Сауалнама «Студенттердің жемқорлыққа қарсы көзқарасы».

Сауалнаманың мақсаты: студенттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру; Оқу-білім беру үдерісінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, болдырмау. Сауалнаманың іріктеу: ЖОО-ның 1-4 курс **4271** респондент (күндізгі бөлім) қатысты.


Диаграмма 3 ЖОО факультеттері бойынша студенттердің жалпы жауаптары "сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ"



Сауалнама жалпы 98,8% респонденттер ЖОО-да сыбайлас жемқорлық көріністері жоқ екенін атап өтті. Студенттердің 99,1% ЖОО-да сыбайлас жемқорлық жағдайларында болған жоқ.

Диаграмма 4 Студенттердің «Сіз ЖОО-дағы сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлауға дайынсыз ба?» сұраққа жауаптары (мүмкін)






Сауалнама «Жоғарғы оқу орнындағы студенттердің білім беру сапасына қанағаттану деңгейі». Сауалнаманың мақсаты мен міндеттері: студенттердің ЖОО-дағы оқу процесінің негізгі түрлеріне қанағаттанушылығын талдау. Сауалнама үлгісі: 3967 респондент толтырылған сауалнамалары.

Кесте 2 Жалпы көрсеткіштер ОҚМПУ бойынша ЖОО-да білім беру үдерісінің сапасына студенттердің қанағаттануы (орташа баға көрсеткіші "4" және "5»)

Жауаптары	Респондент саны	%
ЖОО-ның спорттық және шығармашылық клубтарының жұмысына қанағаттану деңгейі	2876	72,5
ЖОО офис-тіркеушілер жұмысына қанағаттану деңгейі	2768	69,8
Факультет деканатының жұмыс сапасы	3254	82,0
Студенттерге қызмет көрсету орталығының (СҚКО) жұмысына қанағаттану деңгейі)	2981	75,1
ЖОО-ның медициналық пунктінің жұмысына қанағаттану	3954	99,7
ЖОО асханаларындағы тамақтану сапасына қанағаттану деңгейі	2870	72,3
ЖОО-ның жастар саясаты бөлімінің қанағаттану деңгейі	2457	61,9
Кітапхана ресурстарымен қанағаттану деңгейі	3950	99,6
ЖОО оқытушыларының кәсібилігіне қанағаттану деңгейі	3952	99,6
Интернетке қолжетімділік, ЖОО-да компьютерлердің болуы және қолжетімділігі	3763	94,9
Университеттегі қоғамдық және мәдени өмірдің жалпы сапасы	2987	75,3
ЖОО оқу корпусы мен ғылыми зертханаларының жай-күйі	3875	97,7

Диаграмма 5 Жалпы көрсеткіштер ОҚМПУ бойынша ЖОО-да білім беру үдерісінің сапасына студенттердің қанағаттануы (орташа баға көрсеткіші "4" және "5»)



Сауалнама «ЖОО-ның 3, 4 курс студенттерінің Білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелерін бағалауы». 3,4 курс студенттерінің ЖОО-ның білім беру бағдарламаларына оқыту сапасына қанағаттануына талдау жасау. ОҚМПУ бойынша сауалнама үлгісі – 3,4 курстың 1603 студенттері.

ЖОО факультеттері бойынша респонденттердің жауаптары

Факультеттер	1.Элективті пәндерді оқыту сапасына қанағаттанасыз?	2.Мамандықтың элективті пәндері бойынша алған білімнің жаңалығы мен	3.Сіз ЖОО-да мамандық бойынша алған практикалық дағдыларыңызға	4.Кафедра қазіргі еңбек нарығының сұраныстарына ұсынатын элективті курстар пәндерінің атауы мен тізімін сәйкестігіне	5.Элективті пәндердің еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкестігіне қанағаттанасыз?	6.Сіз мамандық бойынша теориялық білімге қанағаттанасыз?	7.Сіз білім деңгейіне, оның ішінде ЖОО-да алған элективті пәндер бойынша білім деңгейіне қанағаттанасыз?	8.Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін мамандық бойынша жұмыс істеуге дайын екеніңізді	Жыны
Жаратылыстану	4,65	4,63	4,63	4,63	4,68	4,70	4,69	4,64	4,66
Физика-математика	4,42	4,53	4,54	4,52	4,49	4,61	4,50	4,52	4,51
Филология	4,82	4,77	4,79	4,8	4,81	4,82	4,82	4,71	4,80
Тарих және Педагогика	4,81	4,81	4,79	4,82	4,86	4,83	4,84	4,88	4,80
Өнер және білім	4,36	4,48	4,45	4,37	4,43	4,54	4,5	4,65	4,50
Дене шынықтыру ж/е спорт	4,67	4,66	4,69	4,67	4,68	4,74	4,71	4,74	4,70
Барлығы	4,60	4,60	4,60	4,60	4,60	4,70	4,70	4,70	4,60




Диаграмма 6 Студенттердің ББ бағдарламаларының сапасын бағалауы бойынша факультеттердің жалпы орташа балы

Сауалнама «Жұмыс берушілердің ОҚМПУ түлектерінің дайындық деңгейіне қанағаттануын бағалау». Социологиялық сауалнаманың мақсаты дайындық бейіні бойынша жоғары оқу орны шығаратын мамандардың сапасы мен кәсіби сәйкестігін жұмыс берушілердің объективті бағалауын алу. Сауалнама технологиясы: бағытталған (мақсатты) іріктеу. Сауалнаманы іріктеу: 155 жұмыс берушілері: мектептер, гимназиялар, мектеп-интернаттар, лицейлер, орта мектептер басшылары мен жетекші мұғалімдері, мамандар, кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметшілер.

Мамандық түлектерінің жұмыс берушілердің қанағаттану деңгейі - **98,9 %**.

Жұмыс берушілердің жауаптарын талдау жоғары оқу орнының білім беру қызметтері сапасының басты кепілі болып табылатынын көрсетеді:

1. ЖОО-ның профессорлық-оқытушылық құрамының деңгейі
2. ЖОО-дағы оқу процесін материалдық-техникалық база және ақпараттық қамтамасыз ету
3. Оқу бағдарламаларының Ғылыми-әдістемелік деңгейі және студенттердің білімін бағалау.

Жұмыс берушілер атап өткендей, кәсіби кадрлардың объективті мониторингі үшін:

1. Сапа жүйесінің нәтижелілігі мәселелері бойынша Университеттің ішкі талдау ақпаратына қол жеткізу
2. Мамандықтардың оқу жоспарларын әзірлеуге қатысу
3. Мамандығы бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысу.

Диаграмма 7 Жұмыс берушілердің ОҚМПУ түлектерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін бағалауы - жоғары деңгей

Сонымен, университет деңгейінде жүргізілген барлық сауалнамалар бойынша Қорытынды және ұсынымдар:

Оқытушы студент көзімен (1 және 2-ші жартыжылдығы)

1. ОҚМПУ ОПҚ кәсіби сапасының жалпы көрсеткіштері - өткен жылғы көрсеткіштен 4,69 балл (4,62 балл) жоғары, бұл студенттердің ЖОО-да оқу процесін оң қабылдауының өсуін көрсетеді

2. 6 факультеттің 4-інде кәсіби көрсеткіштердің өсуі байқалады: Физика-Математика, Филология, Тарих және Педагогика, Дене шынықтыру және спорт.
3. 6 факультеттің 2-інде өткен жылдың көрсеткішінен төмен: Өнер және білім, Жаратылыстану.
4. Декандар мен кафедра меңгерушілері ОПҚ жұмысын студенттердің бағалауының негізгі көрсеткіштеріне назар аударсын.
5. Кафедра меңгерушілері кафедра отырыстарында "Оқытушы студенттер көзімен" социологиялық сауалнамасы бойынша мәліметтерді талқылайды. Талқылау қорытындылары бойынша кафедралардың шешімдері 2021 жылғы ақпандағы кафедра отырысының хаттамаларында көрсетілсін.
6. Кафедралардың қабылданған шешімдері бойынша талқылау қорытындысы бойынша хаттамалар факультет декандарына факультет кеңесінің талқылауына беріледі.
7. Кафедра меңгерушісі кәсіби деңгейі 4,0 балдан төмен ОПҚ-ның онлайн және офлайн сабақтарына қатысуын ұйымдастырсын.
8. Кафедра меңгерушісі студенттерді он-лайн оқытудың тиімді әдістері бойынша семинар-тренингтер ұйымдастырсын.
9. Кафедралар зерттеу нәтижелері бойынша 4,0 балдан төмен алған пәндерге назар аударсын.

Студенттердің жемқорлыққа қарсы көзқарасы

1. Жоғары оқу орнының жастар ұйымы, комплайнс-офицер студенттерді әлеуметтік желілер арқылы сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік құбылыс, заңға қайшы әрекет, экономикалық құбылыс ретіндегі мәні туралы хабардар етуі қажет.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандартын құру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл тек пассивті сипатта ғана болмауы тиіс: Мен сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне қатыспаймын және қабылдамаймын, сонымен қатар белсенді-біздің қоғамдағы кез келген сыбайлас жемқорлық көріністерімен күресемін.
3. Студенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын ынталандыру.
4. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру.
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің объективті мүмкіндіктері: жолдары мен нысандары туралы хабардар ету.

ЖОО-ның 3,4 курс студенттерінің Білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерін бағалауы

1. Кафедралар зерттеу нәтижелері бойынша 4,0 балдан төмен алған пәндерге назар аударсын.
2. Тәжірибеге бағытталған пәндерге сағат көлемін ұлғайту.
3. Еңбек нарығының, практиканың қажеттіліктеріне оқу курстары тақырыбына бағдарлауды күшейту (қазіргі заманғы нарықтың нақты жағдайларында жұмыс істейтін жұмыс берушілермен, мамандармен неғұрлым тығыз байланыстар орнату).
4. Білім беру бағдарламаларының мазмұнын академиялық деңгейден оқу деңгейіне қайта өңдеу.
5. Кафедраларда зерттеу нәтижелерін әзірлеушілермен және ОПҚ-мен бірге талқылау. Білім беру бағдарламаларын түзету үшін жұмыс берушілерді тарту.

Жоғарғы оқу орнындағы студенттердің білім беру сапасына қанағаттану деңгейі

1. ЖОО-ның кітапхана ресурстарының қамтамасыз етілуі бойынша оң бағаға қарамастан, электрондық кітаптардың, оқу-әдістемелік құралдардың және ЖОО оқытушыларының электрондық кітапханадағы цифрлық форматтағы дәрістерінің санын кеңейту қажет.
2. Студенттерді университеттің веб-сайтына, оқу, ғылыми, көркем әдебиетке, мерзімді басылымдарға, мәліметтер базасына, статистикаға, видеотекаға, оларды қалай пайдалануға, қалай дұрыс оқуға, емтиханға дайындалуға және т. б. бағдарлауға бағыттау.
3. Интернетке, әсіресе кітапхана аймақтарында қолжетімділікті кеңейту үшін оқу корпустарында Wi Fi роутерлер санын арттыру мүмкіндігін қарастыру.
4. Ұялы телефондарда немесе басқа гаджеттерде көру үшін веб-сайтты жүйелі түрде жаңарту және оны мобильді қосымшаларға бейімдеу.
5. Оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-қатынасты кеңейтіп, электронды режимге көшіру.

6. Студенттерге қызмет көрсету орталығының (СҚКО), ЖОО-ның спорттық және шығармашылық клубтарының, ЖОО-ның офис-тіркеушілер жұмысының сапалы мазмұнына назар аударылсын.

Жұмыс берушілердің ОҚМПУ түлектерінің дайындық деңгейіне қанағаттануын бағалау

1. Кафедра менгерушілері дуальды оқытуды енгізу мен кеңейтуді ескере отырып, оқу жоспарларын түзетуі керек, бұл өндірісте білім алушылардың практикалық тәжірибесі мен шеберлігін қалыптастыруды көздейді

2. Жұмыс берушілердің пікірі бойынша кәсіптік практиканың тиімділігін бағалау мынадай компоненттерді қамтуы тиіс: алынған білімнің пайдалылығы, кәсіптік қызмет нормаларын игеру, мекеменің нақты проблемаларымен байланыс, студенттердің қызығушылығы, студенттердің дайындығы, практика жетекшілерінің жұмыс берушілермен өзара іс-қимылы.

3. Өндіріс пен оқу процесінің неғұрлым тығыз байланысы үшін жұмыс берушілер-озық мекемелер мен ұйымдардың өкілдеріне практикалық сабақтар бойынша оқу сағаттарын бөлу, бітірушілерді өндірістегі нақты жұмыс жағдайларына даярлауды түзету мүмкіндігін іздестіру.

SWOT—талдау

S (strength) – күшті жақтары	W (weakness) – әлсіз жақтары
- ХС ИСО 9001:2015 талаптарына сай университеттің сапа менеджмент жүйесін және оның ұдайы жақсарып отыруын жұмыс барысында тиімді қолдану; - аккредиттеу бойынша еуропалық стандарттар мен нұсқаулардың талаптарына сай аккредит-теуден кейінгі мониторинг жүргізу; - университет ұжымын ішкі құжат айналым актуализациялау үдерісіне белсенді түрде тарту; - білім беру бағдарламалар және дайындық бағыты бойынша ЖОО-ның арасында ұлттық және халықаралық рейтингісіне университеттің жыл сайын қатысуы; - негізгі үрдістер бойынша 2020-2025 жылдарға арналған ОҚМПУ стратегиялық даму жоспарларын әзірлеу; - басшылық үдерісінің тиімді болу мақсатымен жыл сайын ИСО 9001:2015 ХС талаптарына сай ішкі және сыртқы аудит өткізу; - ОПҚ-ның конференцияларға қатысуы және конференция материалдарының жинағында мақалалардың жариялануы; - ОПҚ-ның пікір беруі (монографияға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, диссертациялық жұмыстарға, эксперт ретінде, оқу бағдарламасына, мектеп оқушыларының ғылыми жұмысына); - ОПҚ-ның инновациялық және ғылыми нәтижелерді оқу үрдісіне енгізуі (енгізу актілері бойынша);	-жылдық сапа максаттары мен университеттің стратегиялық даму жоспарларының максаттық индикатор-лар бойынша құрылым бөлім басшыларының есептерінде кері байланыс жоқ; -әрбір құрылым бөлім басшылары өз үдерістерін жақсарту үшін мони-торингтік зерттеулердің нәтижесін пайдаланбайды; -құрылым бөлімдерінің жұмыс жоспарларын әзірлеу барысында ЖОО арасындағы Рейтингтің критерийлері мен параметрлерін пайдаланбайды; - Монография жариялау көрсеткішінің төмендігі; - Thomson Reuters, Scopus, Elsevier базасындағы ғылыми журналдар мен жинақтарда мақалалар жарияланудың аздығы және осы базаларда жұмыс істеудің әлсіз болуы; - Ғылыми мақалаларға сілтеме жасалынуы Хирш индексінің аздығы;
O (opportunity) – мүмкіндіктері	T (threat) – қауіп-қатерлер
- Рейтингке қатысушы ЖОО арасындағы көшбасшылар үштігіне ену мақсатымен Республикалық және Халықаралық деңгейде университет статусы мен имиджін көтеру; -шетелдік аккредиттеу органымен маманданды-рылған аккредиттеуді өткізу; - университет қызметкерлерді “Ұлттық эксперт” деңгейінен “Халықаралық эксперт” деңгейі статусына көтеру; - ОПҚ-ның ҚР білім беру қызметіне қатысуы (оқулықтар авторлары, мектептермен бірлесе жұмыс істеу, оқушылардың ғылыми жобаларына жетекшілік жасау, олимпиадаларға әділқазылық ету, біліктілік көтеру). Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен пәндік олимпиадасына жетекшілік ету және жүлделі орындалған алу.	- қаражат мәселесінің қиындай түсуіне байланысты әртүрлі Рейтингтерге қатыспауы; - ИСО 9001:2015ХС талаптарын орындалмау себебінен сертификатты қайтарып алуы; - Аккредиттеу аясындағы еуропалық стандарттардың талаптарын орындамау себебінен Аккредиттеу туралы куәлігін қайтарып алу; - ғылыми дәрежелі оқытушы-профессорлардың рейтинг көрсеткіші төмен болуы.

Қорытынды, ұсыныстар

Қорытынды:

Университет деңгейінде Сапа менеджменті жүйесінің жұмыстары ХС ИСО 9001:2015 талаптарына және ЖОО-на қойылатын талаптарға сәйкес толық көлемінде жүргізіліп, университет бойынша барлық құрылымдық бөлімдер алдарына қойған мақсаттарға қол жеткізіп, ұдайы жақсарту жұмыстары университеттің саясатына сәйкес орындалды.

Мониторинг зерттеу жұмыстары жоспарларға сәйкес жүргізіліп, жүйелі түрде талданып, есеп беріліп, анықталған нәтижелерге басшылық тарапынан назар аударылып, шешімдер қабылданды.

Ұсыныстар:

1. ОҚМПУ 2021-2025 жылдарға арналған даму стратегиясындағы мақсаттық индикаторлар бойынша университеттің ҚБ басшылары есептерін беріп, динамикасын зерттеп, даму жолдарын көрсету қажет;

2. Жыл сайын барлық құрылымдық бөлімдер қызметтік міндеттеріне қарай іс-құжаттарын қайта қарап, жаңа процедура әзірленсін;

3. Университеттің Сапа менеджменті жүйесі құжаттарын толықтырып, өзгерістерді енгізіп, жаңа нұсқалары қолданысқа енгізілсін.

2020-2021 оқу жылындағы университеттің жылдық есебі бойынша ұсыныстар:

Оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша:

1. оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша университеттің сайты толықтырып, өзгерістерді енгізіп, дер кезінде жаңартып отыру;

2. Силлабустағы «Жұмыстарды тапсыру кестесі» студенттермен талқыланып, бағалау критерийлері түсіндірілуі қажет. Оқытушы журналындағы баға тапсырмадағы балға сәйкес қойылу қажет;

3. Білім беру порталына орналастыру пән ресурстары және тапсырмалар уақытылы қойылып отыру керек;

4. Баспадан шығарылатын оқу құралы, оқу-әдістемелік құралдар кафедрада, факультетте жан-жақты талқыланып отыру керек (қажеттілігі, шынайлығы, нешінші рет ұсынылуы т.б.);

5. Оқытушы-профессорлар құрамының баспадан шығарылған жұмыстары уақытылы орындалсын;

6. Оқытылатын пәндер бойынша ПОҚ дайындаған видеолекциялар сапасын, санын арттыру бойынша жұмыстар жасау.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша:

1. Ғылымның өзекті, қазіргі таңда жоғары сұранысқа ие іргелі және қолданбалы бағыттарына сәйкес жобаларды таңдауға басты назар аударылып, халықаралық, республикалық түрлі деңгейдегі гранттық жобаларға белсене қатысуды жүйелеп арттыру;

2. Университет профессор-оқытушы құрамының Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен және Clarivate Analytics (WoS), Scopus базасындағы басылымдардағы жарияланым санын арттыру;

3. Профессор-оқытушы құрамының зияткерлік меншік құқығын алу жұмыстарын күшейту.

4. Ғылыми - зерттеу жұмыстарының нәтижелерін коммерциализациялау және мемлекеттік - жекеменшік серіктестік келісімдер жасау.

5. Clarivate Analytics (WoS), Scopus базасындағы басылымдарда әріптестер мақаласына сілтеме жасауды қолға алу. Мысалы Thomson Reuters, Scopus базасында жарияланған университет профессор-оқытушы құрамының Хирш индексін көтеру жұмыстарын жандандыру.;

6. Стартап-офистер ашуды қолға алу.

Тәрбие жұмыстары бойынша:

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мерзімсіз жоба. Қоғамдық сананы озық жаңғырту елдегі реформалардың өзегі, елдің үздік отыз мемлекеттің қатарына кіруінің басты шарты болып табылатынын ескере отырып, ОПҚ жеке жоспарларына тәрбие, ғылым бағыттарында «Рухани жаңғыру» бағытындағы атқаратын жұмыстарының ретін көрсетуді міндеттеу және бұл бағытта басқа ЖОО тәжірибелерімен бөлісуге назар аудару;

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, алдын алу аясында өткізілетін арнайы сараптама мен аталған саладағы менеджментті күшейту мақсатында комплаенс-офицер штатына заңгер маман тарту;

3. «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімі кабинетінен «Әл-Фараби және Абай бұрыштарын» жаңа оқу жылына дейін жабдықтап ашу мүмкіндіктерін қарастыру;
4. ЖОО шеңберіндегі «Рухани жаңғыру» бағытындағы ғылыми жобаларды қаржыландыруға керекті қаржы көлемінің айқындау;
5. Карантин жағдайының ұзаққа созылуына байланысты кейбір құрылымдық бөлімдердегі (Спортклуб, Қоғамдық кәсіптер даярлау орталығы) штат санын оңтайландыру;
6. Факультеттерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру бойынша жүргізілетін іс-шаралардың сапалық деңгейіне назар аудару;
7. Жастардың өзін-өзі басқару тетіктерін жетілдіру, кейбір жастар ұйымдарының формальды жүзеге асыруына сын көзбен қарап, жастар қызығушылығына жауап беретін ұйымдар санын артыру;
8. Үкіметтік емес ұйымдармен, кәсіпкерлік саласын дамытуға бағытталған ұйымдармен байланыс орнату.

Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бойынша:

1. Университеттен халықаралық ынтымақтастық жобаларын қаржыландыру;
2. Университеттің факультеттері мен кафедраларынан халықаралық даму және академиялық ұтқырлық процесін қолдау.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша:

1. Магистрлік диссертациялар мен жобалар қорғаудан 1 ай бұрын плагиатқа тексеруден өткізілуі тиіс;
2. Магистратураның 7M01401-Бастапқы әскери дайындық педагогін даярлау, 7M02101-Дизайн және докторантураның 8D01301-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі педагогін даярлау, 8D01406-Кәсіптік оқыту педагогін даярлау, 8D01407-Бейнелеу өнері және сызу педагогін даярлау, 8D01501-Математика педагогін даярлау, 8D01504-Химия педагогін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша 2021-2022 оқу жылына маман даярлаушы кафедралар тарапынан білім алушылардың қабылдануы қамтамасыз етілуі тиіс;
3. Әр білім беру бағдарламасына магистратура бойынша – 6-дан, докторантура бойынша – 4-тен кем емес білім алушы қабылдануы қамтамасыз етілуі тиіс;
4. 7M01703-Шетел тілі: екі шетел тілі педагогін даярлау ББ бойынша ғылыми дәрежелі жетекшілердің жетіспеуі;
5. Докторантура бойынша маман даярлаушы кафедралар шетелдік білім мекемелерімен өзара жасасқан халықаралық ынтымақтастық келісімшарттары негізінде ұдайы байланыста болуы тиіс.
6. Шетелге ғылыми тағылымдамаға жіберілетін докторанттардың қаржылық мәселелері ОҚМПУ есеп-қисап бөлімімен шешілуі тиіс;
7. Ғылыми тағылымдамаға жіберу туралы іс-құжаттар маман даярлаушы кафедралар тарапынан мерзімінде даярлануы тиіс;
8. Докторанттардың Импакт-факторы жоғары басылымдар мен нөлдік емес импакт-факторлы журналдарда мақала жариялауы ғылыми жетекшілері тарапынан қадағалануы тиіс;
9. Зерттеу практикасының сапасын көтеру мақсатында ҚР ғылыми кітап-ханаларымен келісім жасалса докторанттар мен магистранттардың республикалық диссертациялық қорды пайдалануға мүмкіндігі болар еді.

Кәсіптік практика бойынша:

1. ОҚМПУ Академиялық саясатына сәйкес кәсіптік пратикадан өтпеген студенттер 2021-2022 оқу жылында ақылы түрде академиялық қарызын жою факультет деканының өкімімен белгілеген мерзімде жүзеге асырылуы қажет;
2. Кәсіптік практикаға тәжірибелі ұстаздар жетекшілік жасау керек;
3. Кәсіптік практика жетекшілерінің практиканы талапқа сай ұйымдастыру мақсатында 2 – семестрдегі сағаттарын азайту қажет;
4. Практика жетекшілері практиканттарды дұрыс қадағалау мақсатында практика база санын екіден асырмау керек;
5. Кафедрада практика сағаттары ОПҚ арасында үйлесімді түрде жүктелуі тиіс;
6. Практика базаларында ашылған кафедра филиалдарын жұмысын жандандыру, кәсіптік сала бойынша мектеп мұғалімдерімен бірлескен семинарлар ұйымдастыру;

7. Практика базаларында, яғни мектепке дейінгі білім беру мекемелері мен жалпы бастауыш, негізгі және орта білім беру ұйымдарында барлық мамандықтар бойынша дуальді білім беру жүйесін жүзеге асыру;

8. Бітірушілерді жұмыспен қамту мақсатында 4-курс студенттерін педагогикалық практикадан өту үшін ваканттық орны бар білім беру мекемелеріне жіберуді қолға алу;

Педагогикалық білімді жетілдіру және қайта даярлау бойынша:

1. Профессор-оқытушылар өздерінің пәндері бойынша авторлық бағдарламаларын (кемінде 36 немесе 72 сағат) жасап, мектеп мұғалімдері мен колледж, ЖОО оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруға ат салысса;

2. Кафедраның профессор-оқытушылар құрамының қайта даярлау курсына тындаушылар шақыру ісіне қатысуы.